

## ДӘРІС КЕШЕНІ

Пән: «Балалардағы қалыпты асқорыту және эндокриндік жүйелер»

Пән коды: ВКАЕZh 2211

БББ атауы: 6В10116 «Педиатрия»

Оқу сағаттарының / кредиттердің көлемі: 120 сағат/4 кредит

Оқу курсы мен семестрі: 2- курс, 3-семестр

Дәріс көлемі: 4 сағат

ШЫМКЕНТ, 2025ж



Дәріс кешені «Балалардағы қалыпты асқорыту және эндокриндік жүйелер» пәнінің жұмыс оқу бағдарламасына (силлабус) сәйкес әзірленген және кафедра мәжілісінде талқыланды.

Хаттама № 11

« 22 »

2025ж.

Кафедра меңгерушісі

Танабаев Б.Д.

|                                                                                                                          |  |                                                                                                                                                                                                           |
|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| <p> ONTÜSTİK QAZAQSTAN<br/> <b>MEDISINA</b><br/> <b>AKADEMIASY</b><br/> «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ </p> |  | <p> <br/> SOUTH KAZAKHSTAN<br/> <b>MEDICAL</b><br/> <b>ACADEMY</b><br/> АО «Южно-Казахстанская медицинская академия» </p> |
| <p>Морфофизиология кафедрасы</p>                                                                                         |  | <p>42/11</p>                                                                                                                                                                                              |
| <p>Дәріс кешені «Балалардағы қалыпты асқорыту және эндокриндік жүйелер»</p>                                              |  | <p>8 беттің 3 беті</p>                                                                                                                                                                                    |

### Дәріс №1

**1. Тақырыбы:** Ауыз қуысы ағзаларының, жұтқыншақтың морфофункционалдық сипаттамасы.

**2. Мақсаты:** Ауыз қуысы ағзаларының, жұтқыншақтың құрылысы, қызметінің ерекшеліктерін оқып білу.

**3. Дәріс тезистері:**

Асқорыту жүйесі, *systema digestorium* тағамды механикалық және химиялық жолмен өңдеп, тамақтың өңделген бөліктерін сіңіріп, қалған бөліктерін сыртқа бөліп шығаратын ағзалар кешені болып табылады. Адамның асқорыту жолының ұзындығы 8-10м және ол ауыз қуысы, жұтқыншақ, өңеш, асқазан, жіңішке ішек және тоқ ішек деген бөлімдерге бөлінеді.

Жұтқыншақ, *pharynx* асқорыту түтігі мен тынысалу жолдарының бір жағынан мұрын мен ауыз қуысы, екінші жағынан өңеш пен көмейдің арасындағы байланыстырушы бөлік болып табылады. Ол бассүйек негізінен VI-VII мойын омыртқаларына дейін созылады. Жұтқыншақтың ішкі кеңістігін жұтқыншақ қуысы, *cavitas pharyngis*, құрайды. Жұтқыншақ мұрын мен ауыз қуыстары және көмейдің артында, шүйденің базилярлы бөлігінің және жоғарғы мойын омыртқаларының алдында орналасқан. Жұтқыншақтың алға қарай орналасқан ағзаларға сәйкес оны үш бөлікке бөледі: *pars nasalis*, *pars oralis* және *pars laryngea*. Жұтқыншақтың бассүйек негізінде жанаса жатқан жоғарғы қабырғасы – күмбез, *foenix pharyngis* деп аталады.

**4. Иллюстрациялық материалдар:** кестелер, слайдтар, муляждар, планшеттер.

**5. Әдебиет:**

**Силлабуста Оқу ресурстары 11 пунктта көрсетілген**

**6. Бақылау сұрақтары (кері байланысы):**

1. Асқорыту жүйесіне анықтама беріңіз.
2. Асқорыту жолының ұзындығы.
3. Асқорыту жолының бөлімдерін атаңыз.
4. Ауыз қуысы ағзаларының құрылысын сипаттаңыз.
5. Ауыз қуысының бездері
6. Жұтқыншақтың құрылысын сипаттаңыз?

### Дәріс №2

**1. Тақырыбы:** Өңештің, асқазанның, жіңішке және жуан ішектің анатомиясы

**2. Мақсаты:** Ішкі ағзалардың асқорыту жүйесінің құрылысын және қызметік ерекшеліктерін оқып білу. Асқазанның, жіңішке және жуан ішектің құрылыс ерекшеліктерін оқып білу.

**3. Дәріс тезистері:**

Асқазан, *Ventriculus (gaster)* – асқорыту жолының қалтатәрізді кеңейген жері болып табылады. Асқазанда өңеш арқылы өткен тамақ жиналып, ас қорытудың бірінші сатылары өтеді; тамақтың қатты бөліктері сұйық немесе ботқатәрізді қоспаға айналады. Асқазанда алдыңғы қабырға мен артқы қабырғаны ажыратады.

Асқазанның жоғарғы және оңға қараған ойыс жиегі – кіші иіні, ал төмен және солға қараған дөңес жиегі – үлкен иіні, *curvatura ventriculi major* деп аталады. Кіші иінінде, кіреберістен гөрі шығаберіске жақындау жерде бұрыштық тілік, байқалады, ол жерде кіші иінің екі бөлігі сүйір бұрыш, жасай түйіседі.



|                                                                                                                          |  |                                                                                                                                                                                                           |
|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| <p> ONTÜSTİK QAZAQSTAN<br/> <b>MEDISINA</b><br/> <b>AKADEMIASY</b><br/> «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ </p> |  | <p> <br/> SOUTH KAZAKHSTAN<br/> <b>MEDICAL</b><br/> <b>ACADEMY</b><br/> АО «Южно-Казахстанская медицинская академия» </p> |
| Морфофизиология кафедрасы                                                                                                |  | 42/11                                                                                                                                                                                                     |
| Дәріс кешені «Балалардағы қалыпты асқорыту және эндокриндік жүйелер»                                                     |  | 8 беттің 4 беті                                                                                                                                                                                           |

Жіңішке ішек (intestinum tenue) осыдан ішектің шырышты қабығының қабынуы басталып, өз жолында бірнеше қатар ілмектәрізді иілімдер жасап, тоқ ішектің басталатын жерінде аяқталады. Еркек мәйіттерінде жіңішке ішектің ұзындығы шамамен 7м, әйелдердікінде – 6,5м, ол дене ұзындығынан 4,1 есе асып түседі. Өлгеннен кейін бұлшықеттер босайтындықтан, мәйіттерде ішек тірі адамға қарағанда әр уақытта ұзындау келеді.

Тоқ ішек (жуан ішек) (intestinum crassum) жіңішке ішектің шетінен артқы тесікке дейін созылып, мынадай бөліктерге бөлінеді: 1) құрттәрізді өсіндісі бар соқыр ішек; 2) жоғарылаған жиек ішек; 3) көлденең жиек ішек; 4) төмендеген жиек ішек; 5) сигматәрізді ішек; 6) тік ішек;

**4. Иллюстрациялық материалдар:** кестелер, слайдтар, муляждар, планшеттер.

**5. Әдебиет:**

**Силлабуста Оқу ресурстары 11 пунктта көрсетілген**

**6. Бақылау сұрақтары (кері байланысы):**

1. Ішкі ағзаларға анықтама беріңіз
2. Асқорыту жүйесіне анықтама беріңіз
3. Асқорыту жолының ұзындығы
4. Асқорыту жолының бөлімдерін атаңыз
5. Асқазанның құрылысы мен топографиясын сипаттаңыз.
6. Жуан және жіңішке ішектің құрылысы мен топографиясын сипаттаңыз.

### **Дәріс №3**

**1. Тақырыбы:** Бауыр, ұйқы безінің құрылысының ерекшеліктері. Ішастар және оның туындылары.

**2. Мақсаты:** Бауыр, ұйқыбез, ішастар және оның туындыларының құрылыс ерекшеліктерін оқып білу.

**3. Дәріс тезистері:**

Бауыр, hepar, көлемді безді ағза болып табылады (массасы 1500г-ға жуық). Бауырдың қызметі әр алуан. Ол ең алдымен шығару түтігі арқылы он екі елі ішекке келетін өт түзететін үлкен ас қорыту безі болып табылады. Бауырда екі бет көк жиекті ажыратылады. Жоғарғы немесе дәлірек айтқанда алғы-жоғарғы, көкеттік бет, facies diaphragmatica, жанасып жатқан көкеттің ойысына сәйкес дөңесті келеді; төменгі вицеральды беті, facies visceralis, төмен және артқа қараған және онда өзі жанасатын ішкі ағзаларынан пайда болатын бірқатар батыңқы жерлер бар. Жоғарғы және төменгі беттерді үшкір төменгі жиек, margo inferior, бөліп тұрады.

Бауырда екі үлесті ажыратады: оң үлес, lobus hepatus dexter, және кішілеу сол үлес, lobus hepatus sinister, бұлар көкеттік бетте бір-бірінен бауырдың орақтәрізді байламымен, lig.falciforme hepatis, бөлінген. Бұл байламның бос жиегінде тығыз фиброзды тәж-бауырдың жұмыр байламы, lig.teres hepatis, жайғасқан, ол кіндіктен, umbilicus, бастап созылып, бітіп кеткен кіндік венасы, v.umbilicalis, болып табылады. Жұмыр байлам бауырдың төменгі жиегі арқылы иіліп өтіп, тілік, incisura ligamenti teretis, түзіп, бауырдың вицеральды бетіндегі сол жақ бойлық жүлгеге жайғасады, бұл жүлге бауырдың осы бетіндегі оның оң жақ және сол жақ үлестерінің шекарасы болып табылады. Жұмыр байлам осы жүлгенің алдыңғы бөлімін-fissura ligamenti teretis алып жатады; жүлгенің артқы бөлімінде жіңішке фиброзды тәж-ұрықтық кезеңде жұмыс істеген, бітелген веналық түтік, ductus venosus, түріндегі жұмыр байламының жалғасы жатады; жүлгенің бұл бөлімі веналық байламның саңылауы, fissura ligamenti venosi, деп аталады.

|                                                                                                                          |  |                                                                                                                                                                                                           |
|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| <p> ONTÜSTİK QAZAQSTAN<br/> <b>MEDISINA</b><br/> <b>AKADEMIASY</b><br/> «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ </p> |  | <p> <br/> SOUTH KAZAKHSTAN<br/> <b>MEDICAL</b><br/> <b>ACADEMY</b><br/> АО «Южно-Казахстанская медицинская академия» </p> |
| Морфофизиология кафедрасы                                                                                                |  | 42/11                                                                                                                                                                                                     |
| Дәріс кешені «Балалардағы қалыпты асқорыту және эндокриндік жүйелер»                                                     |  | 8 беттің 5 беті                                                                                                                                                                                           |

Ұйқыбез, pancreas, асқазан артында region epigastrica-да артқы іш қабырғасында жатады, сол бөлігімен сол жақ қабырға астына еніп тұрады. Артқы жағынан төменгі қуыс венаға, сол жақ бүйрек венасы мен қолқаға жанасып жатады. Ұйқы безінің басы-scaput pancreatic, ілмек тәрізді өсіндісі, processus uncinatus және денесімен, corpus pancreatic, күйрек, cauda pancreatis, деп бөлінеді. Бездің басы он екі елі ішекпен қамтылып, I бел омыртқа мен II бел омыртқаның жоғарғы бөлігі деңгейінде орналасқан.

Ішастар, peritoneum, тұйық сірлі қап болып табылады, ол тек әйелдерде ғана жатыр түтігінің өте кішкентай іштік тесігі арқылы сыртқы орт амен қатынасады. Кез келген сірлі қап сияқты ішастар екі: қабырғалық, peritoneum parietale, және вицералды, peritoneum жапырақшалардан тұрады. Біріншісі іш қабырғасын астарлайды, ал екінші жапырақша ішкі ағзаларды жауып, біраз жер бойы немесе түгелімен олардың сірлі қабығын түзеді. Екі жапырақша бір-бірімен тығыз жанасып жатады, ашылмаған іш қуысындағы олардың арасында, ішастар қуысы, деп аталатын тар саңылау ғана жатады, ондағы сұйықтық шамалы мөлшерде, сол арқылы олардың бетін ылғалдап, жылжуын жеңілдетеді. Операция кезінде, немесе, мәйітті ашқанда, немесе зиянды (патологиялық) сұйықтық жиналғанда екі жапырақша ажырайды да, ішастар қуысы азды-көпті көлемді қуысқа айналады.

**4. Иллюстрациялық материалдар:** кестелер, слайдтар, муляждар, планшеттер.

**5. Әдебиет:**

**Силлабусты Оқу ресурстары 11 пунктта көрсетілген**

**6. Бақылау сұрақтары (кері байланысы):**

1. Ішкі ағзаларға анықтама беріңіз?
2. Асқорыту жүйесіне анықтама беріңіз?
3. Асқорыту жолының ұзындығы?
4. Асқорыту жолының бөлімдерін атаңыз?
5. Жұтқыншақтың құрылысын сипаттаңыз?
6. Бауырға сипаттама беріңіз?
7. Ұйқыбезіне сипаттама беріңіз?
8. Ішастар және оның туындыларына сипаттама беріңіз?

**Дәріс №4**

**1. Тақырыбы:** Эндокринді аппарат ағзаларының морфофункционалдық сипаттамасы, оның организм жүйелері және ағзалар қызметінің реттелуіндегі ролі

**2. Мақсаты:** Эндокрин жүйесінің құрылысын және қызметтік ерекшеліктерін оқып білу.

**3. Дәріс тезистері:**

Эндокриндік немесе ішкі секреция бездері деп шығарушы өзегі жоқ өзексіз бездер және секрет немесе экскреттері терінің бетіне (тер, май бездері) немесе шырышты қабықшалардың бетіне (сілекей бездері, бауыр және т.б.) құйылатын сыртқы секреция бездеріне қарама-қарсы өз секретін тікелей қанайналым жүйесіне бөлетін бездерді айтады. Даму орындарына қарай аталған бездерді 5 топқа бөлінеді:

1. Энтодермальды бездер бронхиогендік топ (қалқанша, қалқанша маңы және айырша бездер).
2. Ішек түтігінің энтодермальды бездері (ұйқы безі аралықтары).
3. Мезодермальды бездер (бүйрек бездің интерренальды жүйесі және жыныс бездері).
4. Аралық мидан пайда болатын эктодермальды бездер-неврогендік топ (эпифиз және гипофиз).
5. Симпатикалық элементтерден пайда болатын эктодермальды бездер – адренал жүйесі тобы (бүйрек бездердің ми заты мен хромоаффинді денелер).

**4. Иллюстрациялық материалдар:** кестелер, слайдтар, муляждар, планшеттер.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН

MEDISINA

AKADEMIASY

«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ



SOUTH KAZAKHSTAN

MEDICAL

ACADEMY

АО «Южно-Казakhstanская медицинская академия»

Морфофизиология кафедрасы

42/11

Дәріс кешені «Балалардағы қалыпты асқорыту және эндокриндік жүйелер»

8 беттің 6 беті

## 5. Әдебиет:

**Силлабусты Оқу ресурстары 11 пунктта көрсетілген**

## 6. Бақылау сұрақтары (кері байланысы):

1. Эндокриндік бездерге анықтама беріңіз
2. Эндокриндік бездердің жіктелуі



ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН

**MEDISINA**

**AKADEMIASY**

«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ



SOUTH KAZAKHSTAN

**MEDICAL**

**ACADEMY**

АО «Южно-Казakhstanская медицинская академия»

Морфофизиология кафедрасы

42/11

Дәріс кешені «Балалардағы қалыпты асқорыту және эндокриндік жүйелер»

8 беттің 7 беті

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН

**MEDISINA**

**AKADEMIASY**

«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ



SOUTH KAZAKHSTAN

**MEDICAL**

**ACADEMY**

АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»

Морфофизиология кафедрасы

42/11

Дәріс кешені «Балалардағы қалыпты асқорыту және эндокриндік жүйелер»

8 беттің 8 беті